

3 – республикалық.

Байқау комиссиясының құрамына үйым басшылары, жоғары білікті педагогтар, әдіскерлер, ата-аналар қауымдастырының өкілдері және т.б. кіреді.

Байқау комиссиясының мүшелері ұсынылған материалдарды зерделейді, байқаудың келесі кезеңдеріне қатысу үшін жеңімпаздарды анықтайды.

Байқаудың республикалық кезеңіне қатысушыларды тіркеу үшін білім басқармасы Орталыққа келесі байқау материалдарын ұсынуы тиіс:

- 1) облыстық, Астана, Алматы және Шымкент қалаларының білім басқармаларының ілеспе хаты;
- 2) қоса берілген нысанға (1-қосымша) сәйкес байқауға қатысуға өтінім;
- 3) қоса беріліп отырған нысанға сәйкес Байқау қорытындысы бойынша ақпарат (2-қосымша);
- 4) ойын барысы бойынша түсірілген бейнетаспа;
- 5) ойынның қызықты сәттері бейнеленген фотоколлаж;
- 6) әрбір облыстан, Астана, Алматы және Шымкент қалаларынан **екі** жеңімпаздан артық емес (jpeg форматында сканерленген кәсіби фото).

Білім беру басқармалары байқауға қатысу үшін өтінімді Орталыққа **2019 жылдың 15 наурызына дейін rcdd_info@mail.ru** электрондық поштасына ілеспе хатпен бірге жіберуі тиіс. Көрсетілген мерзімнен кеш түскен материалдар қаралмайды, сондай-ақ қайтарылмайды.

4. Байқауға қатысушыларға қойылатын талаптар мен шарттар

Байқау мектепке дейінгі үйымдардағы ересек топтың балалары арасында өткізіледі. Ойынга мектепке дейінгі үйымдағы 4-6 (7) жас аралығындағы балалар қатысады. Ойынға қатысушы бала саны: 7-10.

Байқау «Ханталапай» ұлттық асық ойыны әр балабақшада үйымдастырылып өткізіледі.

Ойынды жүргізуші мектепке дейінгі білім беру мамандығына ие, баланың жас ерекшелік психологиясын толық менгерген, ойын ережесін жетік билетін, проблемалық жағдаяттарды шешуге бейім педагог болуы тиіс.

Байқауды өткізетін орын балалардың өмір қауіпсіздігі талабына сәйкес жабдықталуы тиіс. Ойын барысында қойылатын сұрақтар ұлттық мәдениетіміз бен салт-санамызға байланысты болуы тиіс. Ойын шарты ептілікті, дәлдікті, мергендікті талап етеді.

Ойынға қажетті заттар: ұлттық нақышта безендірілген ойын бөлмесі: (оюлы текемет, сырмақ, алаша, т.б.), қой малының асықтары, ұлттық оюмен өрнектелген қоржын, алдын-ала дайындалған тапсырмалар.

Ойынды үйымдастыруга бөлінетін уақыт – 3 мин

- ойын ережесімен таныстыру;
- балаларды шеңбер тәрізді отырғызу;
- балалардың көніл-күйін ойынға бейімдеу;
- ойын басталатынын жариялау.